ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 30 маусым №2301-25-00-2/974 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Н.М.Абулханов болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғауды және аумақтық қорғанысты материалдық-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«QazSP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.Б.Сагидуллин,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 28 ақпанда тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №05 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде талап қоюшыға «суды тазарту сүзгісі» (коллективный фильтр для очистки воды) түріндегі тауарды жеткізуге міндеттенген.

2025 жылғы 12 наурызда жауапкер талап қоюшыға жазбаша хат жолдап, тауарды жеткізе алмайтынын хабарлаған және шартты бұзуды ұсынған. Шарт тапсырыс берушімен 2025 жылғы 28 наурызда біржақты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Сотқа берген түсініктемесінде талап қоюшы аумақтық әскери бөлімшелерді материалдық-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратынын, жоспарлы далалық әскери оқу кезінде суды тазарту сүзгісі әскери қызметкерлерді сумен қамтамасыз ету үшін қажет болғанын, тауардың жеткізілмеуі салдарынан әскери дайындық оқуы өткізілмей қалғанын, бұл жағдай жағымсыз салдар екенін түсіндірді..

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасының талабына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті тауарды жеткізген жоқ. Осы себепті шарт тапсырыс беруші тарапынан 2025 жылғы 28 наурызда біржақты бұзылған.

Сот отырысы барысында анықталғандай, аталмыш тауардың жеткізілмеуі салдарынан талап қоюшының өндірістік жұмысына кедергі келтірілген. Сондықтан шарттың орындалмауынан талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.08.2025, судья Султангалиева А. Е., 14.08.2025

Талап қоюшы заң талабын орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2025 жылғы 10 сәуірде жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғауды және аумақтық қорғанысты материалдық-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «QazSP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы –қанағаттандырылсын.

«QazSP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«QazSP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «___» _____2025 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.08.2025, судья Султангалиева А. Е., 14.08.2025

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.08.2025, судья Султангалиева А. Е., 14.08.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»